



**Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті  
Аппаратының шаруашылық басқармасы туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 22 сәуір  
N 324. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.06.30. N 993  
қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:  
Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті  
Аппаратының Шаруашылық басқармасы туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп  
о т ы р ) .

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 22 сәуірдегі  
N 324 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті мен  
Министрлер Кабинеті Аппаратының  
Шаруашылық басқармасы туралы  
Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті  
Аппаратының Шаруашылық басқармасы \* Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинетінің 1992 жылғы 12 тамыздағы N 670 қаулысына сәйкес Қазақстан  
Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты Іс

Басқармасының таратылған Өндірістік бірлестігі негізінде құрылған.

Бұдан былай текст бойынша "Шаруашылық басқармасы"

2. Шаруашылық басқармасы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің шешімдерін, Қазақстан Республикасы қатысқан халықаралық шарттарды, осы Ережені басшылыққа алады.

3. Шаруашылық басқармасы бюджеттік ұйым болып табылады және өзінің дербес балансы болады. Оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар өздерінің шаруашылық дербестігін сақтайды, банкілерде есеп айырысу және арнаулы шоттары болады, заңды ұйымның басқа да құқықтарымен пайдаланады.

4. Шаруашылық басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

Республиканың Президентіне, Вице-Президентіне, Премьер-министрі мен Үкімет мүшелеріне, Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының қызметкерлеріне, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне, республикалық ұйымдардың басшыларына шаруашылық, тұрғын үй-тұрмыстық және көліктік қызмет көрсету;

ресми шаралар мен делегацияларға, соның ішінде шетелдіктерге қызмет көрсету;

Шаруашылық басқармасының балансындағы негізгі қорларды

(мемлекеттік резиденцияларды, мемлекеттік саяжайларды, мейманхана кешендерін, өндірістік, ауыл шаруашылық объектілер мен басқа да ғимараттарды) пайдалану;

ауыл шаруашылық (егін, мал және бау шаруашылық) өнімін өндіру, ұқсату және өткізу;

тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени тұрмыстық, өндірістік үйлер мен ғимараттар салу;

өзіне бекітілген аумақтар мен жерлердегі флора мен фаунаны сақтап, өсіру;

Қазақстанға ресми шақыртулар бойынша келген шетел азаматтарына қызмет көрсету.

5. Шаруашылық басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың жұмысына басшылық жасап, үйлестіріп отырады;

белгіленген көрсеткіштер бойынша жоспарларды қарап, бекітіп береді және олардың орындалуын бақылайды;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың материалдарға, жабдықтарға,

мәшинелерге, механизмдерге деген қажетін анықтайды, салынып жатқан объектілердің материалдық-техникалық жабдықталуы мен жинақталуын ұйымдастырады, материалдық ресурстарды қайта бөледі;

қарамағындағы кәсіпорындарды белгіленген тәртіп бойынша қаржыландырады, олардың қаржы қызметін бақылайды;

тоқсандық және жылдық есептерді, баланстарды қарап, бекітеді, оларды тексеру мен ревизия жасауды ұйымдастырады;

жұмысшылар мен қызметшілерге тиісті тұрмыстық жағдайлар жасау және оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысын жүргізеді;

қарамағындағы кәсіпорындарда еңбек заңдарының, еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасы қағидаларының қатаң сақталуын, ұжымдық келісім-шарттардың уақтылы жасалуы мен олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

негізгі қорлар мен өндірісті қуаттарды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында сыртқы экономикалық қызметпен шұғылданады, қызмет көрсетеді, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдар өндірген өнімдерді еркін айналымдағы валютаға өткізеді, шет ел фирмаларымен және компанияларымен бірлескен кәсіпорындар құрады;

банк мекемелерінде, соның ішінде шет елде (Министрлер Кабинетінің рұқсаты бойынша) шоттар ашады;

Үкімет мүшелерін, Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін белгіленген тәртіп бойынша шешіп, пәтер алуға арналған құжаттарды ресімдейді.

6. Шаруашылық басқармасын бастық басқарады, оны Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Шаруашылық басқармасының бастығы Президент пен Министрлер Кабинеті Аппараты басшысының орынбасары болып табылады.

Шаруашылық басқармасы бастығының төрт орынбасары болады, оларды Министрлер Кабинеті тағайындайды.

Шаруашылық басқармасының бастығы өз орынбасарлары арасында міндеттер бөліседі.

7. Шаруашылық басқармасының бастығы:

басқармаға жүктелген міндеттер мен міндеттемелердің орындалуына дербес жауап береді және Шаруашылық басқармасының қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен шаруашылықтардың қызметі үшін өз орынбасарларының жауапкершілік деңгейін белгілейді;

өз құзыры шегінде, қолданылып жүрген заңдардың, Президент жарлықтары мен қаулыларының, Министрлер Кабинеті мен Премьер-министрдің қаулылары мен өкімдерінің негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен өкімдер

шығарады, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен шаруашылықтар орындауға міндетті нұсқаулар береді;

Шаруашылық басқармасы мен оның қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен шаруашылықтардың жұмысын басқарады;

барлық мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық және басқа кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде Шаруашылық басқармасының мүддесін білдіреді;

Шаруашылық басқармасының материалдарына, ақшадай және валюта қаржысына иелік жасайды;

банк мекемелерінде есеп айырысу және арнаулы шоттар, сондай-ақ аккредитивтер ашып, жабады;

Шаруашылық басқармасы аппаратының, қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелер мен шаруашылықтардың қызметкерлерін қызметке тағайындап, одан босатады.

Шаруашылық басқармасының, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен шаруашылықтардың балансынан негізгі құрал-жабдықтарды белгіленген тәртіп бойынша есептеп шығарады;

Шаруашылық басқармасының қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен шаруашылықтар туралы ережелерді (жарғыларды) бекітеді;

қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен шаруашылықтардың штат кестелері мен шығыс сметаларын келіседі.

8. Шаруашылық басқармасы заңды ұйым болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілінде жазылған дөңгелек мөрі мен тиісті мөрі, штаптары болады.